

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

Этно туризм-киіз үй

ЖАРИЯЛАНДЫ
09.12.2024СІЛТЕМЕ
https://bilimger.kz/171905/

Мейірбек Сымбат Маратқызы

Этно туризм

Этно туризм-халықтың этникасын, тілдік және мәдениетін тануға мүмкіндік беретін туризм саласының бірі. Этникалық туризм көптеген елдерді қызықтырып, туристердің басым көпшілігімәдени танымдық туризмге баса назар аударуы себепті қарқынды даму үстінде. Туризмнің бұл саласы адамның рухани қажеттіліктерін қанағаттандыруға қабілетті екенін әлемдік тәжірибедәлелдеп отыр.

Этно туризм арқылы халық өзінің тарихын, мәдениетін, дінін, тілін әлемге паш ете отырып, ұлттық құндылығын сақтап қала алады. Ал біздің халқымыздың бай тарихи — мәдени мұрасы туризмнің осы саласын дамытуға арналғандай. Қазақтың жеріндегі этно туризм дегенде ойыма алғашқы болып, көшпенді қазағымның киіз үйі түсті. Киіз үй — «Киіз үй туырлықты, ағаш уықты қазақпыз», деген ата-бабаларымыздан бізге дейін жеткен негізгі баспанасы. Тез жиналатын, жылдам тігілетін үй.

Киіз үйдің ерекшелігі құрылғанда да, жиналғанда да бірде-бір шегеде болмайтындығы. Соған қарамастан қыста жылы болып, жазда салқын болады. Әрі көшіп-қонуға өте қолайлы үйіміз.

Адамның өмірі мен әлеуметтік жағдайына киіз үйдің үйлесімділігі сондай, оны үлкейтіпте, кішірейтіпте, тіпті бір-біріне қосып, екі немесе үш бөлмелі етіп тігуге де болады. Үй қабырғасы шеңбер тәрізді келіп, төбесінен күмбезделінеді.

Киіз үй негізін құрайтын ол-кереге. «Керегең кең болсын, төрт құбылаң тең болсын» деген тілек осыдан шықса керек. Себебі үй берік болуы және кеңдігіде кереге тікелей байланысты.

Керегенің әр бөлігі қанат деп аталады. Қанат қабырғалардан тұрады.

Қабырғасын торлап көктелген керегеден тұрғызады.Кереге екі түрлі болады. Кең көзді кереге «желкөз» — деп аталса, екіншісі тар көзді кереге «таркөз» — деп аталады.

Шаңырақ — киіз үйдің ең жоғарғы бөлігі. Халқымыз бата бергенде «Шаңырағың биік болсын,шаңырағың шайқалмасын» деуі де шаңырақтың киіз үйде алар орны ерекше екенін көрсетеді.

Шаңырақтан соң киіз үйдің келесі бөлігі – босаға деп аталады. Жас жұбайларға «Қос босағаң берік болсын», «Ақ босағадан аттаған келіннің аяғы құт болсын» деп, балаларға «босағаныкерме балам» деп тыйуының өзінде мән- мағына бар.

Қорыта келгенде қазақтың киелі киіз үйі жайлы сөз қозғар болсақ том том кітап жазуға дерлік мағлұматымызбен дәстүріміз аңыздарымыз бен ертегілеріміз, тәрбиеміз, тарихымыздың бәрі жиналар еді. Біз әлем туристерін зәулім үйлермізбен емес осы кішкене бойлы сүйкімді үймізбен елмізге баурай аларымыз сөзсіз. Және ең қызығы киіз үй жер сілкінген де ыңғайлы, әрі оңайлықпен қирамайды екен. Еліміз зілзаладан зардап шеккен мемлекеттерге шатырдың орнына киіз үйлер апарыпта жүріпті. Міне осындай үймізді туристердің ағыла келуіне неге қолданбасқа ?

Айта кетелік этно туризм-тек киіз үй мен ғана шектелмейді. Қазақтың қолөнері , зергерлік, этноауылдар, жылқы өсіру секілді тағы да басқа жалпы ұлттық ерекшеліктерін де айта кеткеніміз жөн. Қазіргі кезде тіршіліктің қайнаған ортасы ауылдың өзінде сиреп келе жатқан текемет ою, киіз басу, бау-басқұр тоқу , ши орау, атқа шабу , қамшы өру , домбыра жасау, ұлттық салт-дәстүрлерді, өнер, еңбек, сәулет істерін дамытуға , қайта жаңғыртуға бар күшмізді салуымыз қажет. Қанша дамып , қаншама асуды бағындырсақта өз тарихымызды ешқашанда ұмытпауымыз керек!

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimgger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.